Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____**

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Бірлескен Кәсіпорын "Будёновское" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

**1. Шарттың мәні**

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметтерді көрсетуге қойылатын талаптар Шартта және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Техникалық сипаттамада (осы Шартқа № 2 қосымша) көрсетілген.

1.3. Орындаушы Объектінің құрылысына техникалық қадағалауды Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген техникалық қадағалау саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

1.4. Қызмет көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Будёновское кен орны, 6-7 учаскі.

1.5. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда: 1) сатып алынатын қызметтердің тізбесі (№ 1 қосымша); 2) техникалық сипаттама (№ 2 қосымша); 2.1) "Түркістан облысы Созақ ауданында "Буденовское 6-7" кенішінің геотехнологиялық полигонының технологиялық блоктарының ұңғымаларын салу (байлау)" жұмыс жобасы (техникалық ерекшелікке № 1 қосымша);; 3) Қызметтердегі елішілік құндылық бойынша мәліметтер (№ 3 қосымша); 4) Контрагенттің сауалнамасы (№ 4 қосымша); 5) "Будёновское" БК" ЖШС Жеткізушілер мен мердігерлерінің кодексі (№ 5 қосымша); 6) «Будёновское» БК» ЖШС объектілерінде жұмыс жүргізуге мердігер ұйымдарды жіберу тәртібі» ДП-153-25 құжатталған рәсімі (№ 6 қосымша).

1.6. Қызметтер Орындаушы Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 235 бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны ұсынғаннан және құрылыс аяқталған Объектіні пайдалануға қабылдау туралы қабылдау комиссиясының актісіне қол қойылғаннан және Тараптар түпкілікті Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін толық және тиісінше көрсетілген болып есептеледі.

1.7. Осы Шартта төменде аталған терминдердің мынадай түсіндірмесі болады:

1.7.1. Әкімшілік өкім - Орындаушының Бас мердігерге құрылыс-монтаж жұмыстары мен Жұмыс жобасына қатысты кез келген жазбаша нұсқауын немесе тапсырмасын білдіреді;

1.7.2. Бас мердігер - Мердігерлік шартқа сәйкес, оның ішінде басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тарту арқылы жұмыстарды орындайтын тұлға;

1.7.3. Шарт - Тапсырыс беруші мен Орындаушы арасында қол жеткізілген, жазбаша нысанда тіркелген және оған барлық Қосымшалар мен толықтырулармен, сондай-ақ осы Шартта сілтемелер бар барлық қажетті құжаттамамен Тараптар қол қойған осы Келісімді білдіреді, оған сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша қызметтер көрсетуге (белгілі бір әрекеттерді жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді;

1.7.4. Мердігерлік шарт – жұмыс жобасына сәйкес объектіні салуға тапсырыс беруші мен бас мердігер арасында жасалған құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға арналған 03.11.2026 жылғы № 1254759/2026/1 шарт;

1.7.5. Шарттың жалпы сомасы - Орындаушыға осы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаны үшін осы Шарт бойынша төленуге тиіс соманы білдіреді;

1.7.6. Нысан-Түркістан облысы Созақ ауданындағы "Буденовское 6-7" кенішінің геотехнологиялық полигонының технологиялық блоктарының ұңғымаларын салу (байлау)";

1.7.7. Наразылық - осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда бір Тарап екінші

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тарапқа жіберген хабарламаны, хатты білдіреді;

1.7.8. Жұмыс жобасы - "Түркістан облысы Созақ ауданындағы" Буденовское 6-7 "кенішінің геотехнологиялық полигонының технологиялық блоктарының ұңғымаларын байлау", "Мемсараптама" РМК кешенді ведомстводан тыс сараптамасынан өткен 21.08.2026 ж. № 19-1132/26 оң қорытынды. ;

1.7.9. Қызметтер - Бас мердігер және оның қосалқы мердігерлері (бар болған жағдайда) Жұмыс жобасын іске асырудың барлық сатыларында (орындалған жұмыстардың сапасын, мерзімін, құнын, қабылдануын және объектіні (объектілерді) пайдалануға беруді қоса алғанда) жүзеге асыратын құрылыс-монтаж жұмыстарына техникалық қадағалауды жүзеге асыру (осы Шартқа № 1 қосымша).

**2. Шарттың құны және төлеу шарттары**

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Орындаушы есепті айда көрсеткен Қызметтер құнының 80%-нан аспайтын мөлшердегі ағымдағы (аралық) төлемдерді Тапсырыс беруші Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура негізінде Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (Ж-1 нысаны бойынша) және Веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде есепті айда жүзеге асырады.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.4.2. Электрондық шот-фактура;

2.4.3. Көрсетілген қызметтер актісі (лері);

2.4.4. Сәйкестік туралы декларация және орындалған жұмыстардың Жұмыс жобасына сәйкестігі және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылар негізінде салынған Объектіні пайдалануға қабылдау актісі.

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Қызметтерге ақы төлеуді Орындаушы көрсеткен Қызметтердің нақты көлеміне сүйене отырып, Тапсырыс беруші жүзеге асырады. Көрсетілген қызметтер актісін Орындаушы Бас мердігердің Мердігерлік шарты бойынша орындалған жұмыстарға барабар құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуына қарай Тапсырыс берушіге бекітуге ұсынады. Көрсетілген қызметтердің сомасы (қызметтер үшін аралық төлемдердің сомасы) осы Шарттың және Мердігерлік шарттың жалпы сомасынан пайыздық мәнде есептелген коэффициент негізінде орындалған құрылыс жұмыстарының сомасына барабар айқындалады. Объектінің құрылысын аяқтау, Объектіде орындалған жұмыстар актісіне қол қою фактісі бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге Құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы туралы қорытындылайды. Тапсырыс берушіге түпкілікті Көрсетілген қызметтердің актісін Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылғаннан кейін ұсынады.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының ақы төлеуге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

**3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары**

3.1. Орындаушы Шарттың талаптарына, оған № 1, № 2 қосымшаларға сәйкес мерзімде Қызметтер көрсетуге міндетті. Бұл ретте Қызметтер көрсетудің басталуы мен аяқталуы, сондай-ақ Қызметтер көрсетудің аралық кезеңдері Мердігерлік шартқа Жұмыс жүргізу кестесінде көрсетілген Объекті құрылысының басталуымен, аяқталуымен және аралық кезеңдерімен регламенттеледі (сәйкес келеді).

3.2. Құрылысы аяқталған Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне Қабылдау комиссиясының қол қойған және Тараптардың Шарт бойынша көрсетілген Қызметтердің түпкілікті Актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес, Шартқа № 1, № 2 қосымшаларға саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

**4. Тараптардың құқықтары және міндеттері**

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету банк кепілдігі түрінде ұсынылған жағдайда, Орындаушы онда мынадай ақпараттың болуын қамтамасыз етуге міндетті: - банк кепілдігінің түрі (шарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілдігі); - банктің атауы; - банк кепілдігінің (кепілдік міндеттемесінің) нөмірі; - Орындаушының атауы; - шарттың нөмірі мен күні; - шарттың мәні; - банк кепілдігінің сомасы; - банк кепілдігінің қолданылу мерзімі. Банктік кепілдік түрінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету осы Шартта және Тәртіпте белгіленген талаптарға (оның ішінде мерзімі, мөлшері, банкке қойылатын талаптар және т.б. бойынша) сәйкес келуі тиіс.

4.1.3. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті түрде толтырылған Контрагенттің сауалнамасын және «Буденовское» БК» ЖШС-нің қол қойылған Жеткізушілер мен мердігерлер кодексін ұсыну.

4.1.4. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.5. Жабдықтарды монтаждау үшін орындар мен үй-жайлардың уақытында берілуін бақылау және оларды беруге қатысу;

4.1.6. Мердігердің монтаждалған жабдықтары мен инженерлік желілерін жеке сынақтан өткізуі мен олардың нәтижесін тиісті ресімдеуін бақылау. Сынақтан кейін жабдықтарды қабылдауға қатысуға;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкелуі мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Конструкциялардың деформациялану және опырылып құлау қаупі, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп болғанда, сондай-ақ техникалық қадағалаудың ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаулары орындалмаған жағдайда жұмыс өндірісін (Тапсырыс беруші мен Мердігерге кейінгі міндетті жазбаша хабарлау арқылы) тоқтату;

4.1.9. Жер кодексіне және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес топырақтың құнарлы қабатын алу және сақтау жөніндегі жұмыстың сапасын бақылауға;

4.1.10. Мердігерлік шарттың талаптарын, Жұмыстарды жүргізу кестесін, жұмыстарды жүргізу технологиясын нақтылау үшін Бас мердігермен және қосалқы мердігерлік ұйыммен келіссөздерге қатысуға;

4.1.11. Өндірістік бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және жүргізуді техникалық қадағалауды жүзеге асыруға;

4.1.12. Орындалған жасырын жұмыстардың, аяқталған конструктивтік элементтердің көлемін қабылдауға, жауапты конструкцияларды, бақылау өлшемдерін, сынақтарды аралық қабылдауға және оларды қабылдау актілеріне қол қоюға қатысуға;

4.1.13. Аяқталған Объектіні пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияның жұмысына қатысуға;

4.1.14. Өндірістік және атқарушылық техникалық құжаттаманың дұрыстығын, уақтылы және дұрыс жүргізілуін бақылауға;

4.1.15. Берілген нұсқамалардың орындалуын, оның ішінде ақаулардың жойылуын бақылауға;

4.1.16. Бас мердігер орындаған құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасын және атқарушылық техникалық құжаттаманың болуын куәландырғаннан кейін көлемін растауға;

4.1.17. Қауіпсіздік техникасы, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау бойынша нормалардың сақталуын бақылауға;

4.1.18. Объектіде Тапсырыс берушінің мүддесін «Тапсырыс берушінің техникалық өкілі» ретінде білдіруге және қорғауға;

4.1.19. Бас мердігер жүргізетін құрылыс-монтаж жұмыстарының жобалары мен нормативтік техникалық құжаттама талаптарына толық сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4.1.20. Техникалық қадағалау жөніндегі журнал жүргізуге (нысан Ұлттық экономика министрінің 03.02.2015 жылғы № 71 бұйрығымен бекітілген) және оған анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою бойынша ескертулер мен нұсқаулар енгізуге және олардың орындалуын бақылауға;

4.1.21. Авторлық қадағалау, мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы органы жүзеге асыратын тексерулерге қатысуға, Бас

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мердігердің тексеру кезінде алған нұсқауларын тиісті журналдарға белгі қоя отырып орындауын бақылауға;

4.1.22. Тапсырыс беруші бекітетін нысан бойынша Объектіні салу барысы туралы Тапсырыс берушіге ай сайынғы есеп беруге және "бір терезе" қағидаты бойынша құрылыс жүргізуді ұйымдастыру үшін порталда жобалардың іске асырылу барысы туралы ай сайынғы есепті ұсыну құрылыс барысы және орындалатын жұмыстардың сапасы туралы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама берілгеннен кейін келесі айдың 5-күніне қарай Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 71 Бұйрығына сәйкес нысан бойынша ай сайынғы негізде тұрақты есептерді ұсыну.

4.1.23. Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу көлемінің бекітілген Жұмыс кестесіне, материалдық ресурстар мен техникалық құралдар көлемінің ағынына сәйкестігін, білікті жұмыс күшімен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асыруға;

4.1.24. Объектіде жұмыс істейтін машиналар мен механизмдердің есебін, оларды бағалауды және техникалық жарамдылығын жүргізуге;

4.1.25. Тапсырыс берушіні Мердігерлік шартты іске асыруға қатысты туындаған немесе туындауы мүмкін проблемалар немесе мүмкін проблемалар туралы хабардар етуге және Тапсырыс берушіге өз ұсыныстарын беруге;

4.1.26. Осы Шарт бойынша Қызметтер көрсетудің бүкіл кезеңі ішінде тендерлік өтінімде көрсетілген өзінің білікті жұмысшыларының 3 адам санында Объектіге тұрақты, күнделікті қатысуын қамтамасыз етуге;

4.1.27. Бас мердігерге Мердігерлік шарттың орындалуына, материалдар мен бұйымдардың сапасын бағалауға, бөлу жұмыстары мен атқарушылық түсірілімдерді жүргізуге қатысты барлық мәселелер бойынша уақтылы көмек көрсетуге және қажетті шешімдер беруге;

4.1.28. Техникалық есептер мен мәліметтерді дайындауды және бекітуді, жұмыс жүргізу барысын уақтылы құжаттауды қамтамасыз етуге;

4.1.29. Бас мердігер орындаған геодезиялық жұмыстарға (бөлу және тік белгілерге) тексеру жүргізуге;

4.1.30. Құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалған көлемдеріне мерзімді және түпкілікті өлшеулер жүргізуге және олардың Бас мердігердің есептеріне сәйкестігі туралы қорытынды беруге;

4.1.31. Тексеру, зерттеу және қажет болған жағдайда, құрылысы аяқталған Объектіге кешенді сынақ жүргізуге, ескертулер беруге, Бас мердігердің/қосалқы мердігерлік ұйымдардың оларды толық жоюын қамтамасыз етуге және белгіленген тәртіппен Тапсырыс берушіге Объектіні пайдалануға қабылдау туралы ұсынымдар беруге;

4.1.32. Бас мердігердің анықталған ақауларды жою бойынша кепілдік міндеттемелерін орындауын бақылауға;

4.1.33. Тапсырыс берушіге хабарлауға, сондай-ақ Бас мердігерге құрылыс-монтаждау жұмыстарының, жобалық құжаттамадағы (Жұмыс жобасындағы) кемшіліктердің немесе құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының Қазақстан Республикасының нормалары мен стандарттарының талаптарына, сондай-ақ Жұмыс жобасының талаптарына сәйкес келмейтіні туралы ескертуге;

4.1.34. Жұмыс жобасынан бұзушылықтар мен ауытқулар анықталған, сапасыз құрылыс материалдарын қолданған жағдайда анықталған ақаулар мен бұзушылықтар жойылғанға дейін жұмыс жүргізуге тыйым салуға;

4.1.35. Бас мердігердің лауазымды тұлғаларына ақаулар мен олардың туындау себептерін жою туралы жазбаша талаптар қоюға;

4.1.36. Орындаушыға тәуелді емес және Қызметтер көрсету барысын баяулататын немесе Қызметтер көрсетуді жалғастыруды мүмкін етпейтін мән-жайлар туындаған жағдайда 2 (екі) жұмыс күні ішінде туындаған мән-жайларды жою жөнінде бірлескен шешім әзірлеу үшін бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге;

4.1.37. Осы Шарттың қолданылу кезеңінде Қызметтердің және Қызметтердің кез келген нәтижелерінің құрылыс нормалары мен ережелерін, қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелерді, өрт қауіпсіздігі ережелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының және өзге де міндетті ережелердің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4.1.38. Осы Шарттың және Қазақстан Республикасының Заңнамасының талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтердің нәтижелерін тапсыруға;

4.1.39. Құрылысқа және/немесе құрылыстағы кемшіліктерді жоюға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

4.1.40. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.

4.1.41. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді жоюға;

4.1.42. Орындаушы осы Шартты орындау үшін тартқан шетелдік персоналға қатысты Орындаушының қазақстандық персоналы үшін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

еңбекақы төлеудің тең жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Орындаушы Шартты орындау үшін шетелдік персоналды тартқан жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей тоқсан сайынғы негізде Орындаушының осы міндеттемені сақтағаны туралы растау хатын (растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып) беруге міндетті;

4.1.43. Өз бетінше және өз есебінен Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге тартылған өз персоналын жеке қорғану құралдарымен, жол жүруді (Қызметтер көрсету орнына дейін жеткізуді және кері қайтаруды), тұрумен, тамақпен және т.б. қамтамасыз етуге;

4.1.44. Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарын тиісінше орындамаудан туындаған, оның ішінде осы Шарт бойынша Орындаушының кепілдіктері мен растауларын бұзу нәтижесінде, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттермен келтірілген барлық залалдарды өтеуге;

4.1.45. Қызметтерді көрсету кезінде «Будёновское» БК» ЖШС объектілерінде жұмыс жүргізуге мердігер ұйымдарды жіберу тәртібі" ДП-153-25 Құжатталған рәсімінің және «Будёновское» БК» ЖШС-нің Жеткізушілер мен мердігерлер кодексінің талаптарын сақтауға;

4.1.46. Осы Шарттың ережелерінде, Тәртіпте, Техникалық сипаттамада көзделген және туындайтын өзге де міндеттерді орындау (№ 2 қосымша), «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында (бұдан әрі - Заң), Ұлттық экономика министрінің 03.02.2015 жылғы № 71 бұйрығымен бекітілген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету ережелерінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 709 бұйрығымен бекітілген Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша техникалық қадағалау және сараптама жұмыстары жөніндегі инжинирингтік қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі қағидаларды және рұқсат беру талаптарында, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 29.12.2014 № 156-НҚ бұйрығымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың құрылысын техникалық қадағалау» Қазақстан Республикасының әдістемелік құжатында, ҚР ҚН 1.03-00-2022 «Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар мен құрылыстар құрылысын ұйымдастыру» және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген және олардың ережелерінен туындайтын өзге міндеттерді орындауға міндеттенеді.

4.1.47. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.

4.1.48. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.

4.1.49. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялар, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

4.1.50. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

4.1.51. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.4. Тапсырыс берушіден аванстыы (алдын ала төлемді) уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.5. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.2.7. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.8. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.9. Құрылыс алаңына тұрақты қолжетімділіктің болуына.

4.2.10. Тапсырыс берушіге жобалау құжаттамасы мен мемлекеттік нормативтерді бұза отырып орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру туралы ұсыныстар енгізуге;

4.2.11. Бас мердігерден құрылыс алаңында материалдарды, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды сақтаудың тиісті шарттарын сақтауды, сондай-ақ орындалған жұмыстардың, тұрғызылған ғимараттар мен құрылыстардың Тапсырыс берушіге тапсырылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етуді талап етуге құқығы бар;

4.2.12. Орындаушы осы Шарттың, Тәртіптің ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген және туындайтын өзге де құқықтарға иелік етеді.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Тапсырыс берушіден алдын ала төлем алынған сомаға шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде алдын ала төлемді (бар болған жағдайда) қайтаруды енгізілген қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтару.

4.3.5. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтару.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. Ескертулер болған жағдайда, оларды Орындаушы Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде толық жойғанға дейін көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюдан бас тартуға.

4.4.4. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес өзіне алған міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда Шарт бойынша қамтамасыз ету сомасынан және/немесе Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу сомасынан есептелген өсімпұлдар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы) мен залалдар сомасын ұстап қалуға;

4.4.5. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.6. Тапсырыс беруші осы Шарттың, Тәртіптің ережелерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген және туындайтын өзге де құқықтарға иелік етуге;

4.4.7. Мердігерден жұмыстарды орындаудан, алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде анықталған, сондай-ақ өткізу және объектішілік режимдер туралы нұсқаулықтың талаптарын бұзған Орындаушының кез келген қызметкерінен дереу шеттетуді талап ету.

4.4.8. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.9. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

**5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі**

5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің Техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Орындаушы орындалатын құрылыс-монтаж жұмыстарының Жұмыс жобасына; стандарттарға, нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыруға және Тапсырыс берушіге өткен айға ағымдағы айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей жобаның орындалу барысы туралы есеп беруге міндеттенеді.

5.4. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау Орындаушыдан Қызметтерді тапсыру-қабылдауға дайындығы туралы хабарламаны алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

5.5. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша көрсетілетін/көрсетілген Қызметтерде кемшіліктер анықталған кезде Орындаушыға жазбаша хабарлама (наразылық) жібереді. Орындаушы Тапсырыс берушінің хабарламасын (наразылығын) алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өз есебінен және мерзімде Тапсырыс беруші көрсеткен кемшіліктерді жоюға міндетті.

**6. Кепілдіктер және Сапа**

6.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің сапасына Қазақстан Республикасының техникалық қадағалау саласындағы заңнама талаптарына және нормативтік актілерге сәйкес кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне қабылдау комиссиясы қол қойған күннен бастап күнтізбелік 24 (жиырма төрт) айда белгіленген кепілдік мерзімі ішінде көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.3. Орындаушы сондай-ақ көрсетілген Қызметтердің сапасы Жұмыс жобасына, Шарттың талаптарына (оның ішінде техникалық сипаттамаға) және Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес келетініне кепілдік береді.

6.4. Орындаушы Шарттың 6.2-тармағында белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Объектілерді пайдалану кезінде анықталған кез келген кемшіліктер, ақаулар, шала жұмыстар (бұдан әрі - кемшіліктер) үшін жауапты болады.

6.5. Шарттың 6.2-тармағында аталған кепілдікті мерзім ішінде Орындаушы өз күшімен және өз есебінен Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде Объектіні қалыпты пайдалануды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін Бас мердігердің анықталған кемшіліктерді жоюын бақылауды, оның ішінде Объектіде материалдардың кез келген бөлігін жөндеуді немесе ауыстыруды, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарын тиісінше орындамау және Бас мердігер/қосалқы мердігер (бар болған жағдайда) жеткізген сапасыз материалдарды пайдалану нәтижесінде туындаған барлық кемшіліктерді жоюды, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою шеңберінде орындалған жұмыстарды қабылдауға қатысуды қамтамасыз етеді.

6.6. Шарттың 6.2-тармағында көрсетілген кепілдік мерзімінің өтуі Бас мердігер/қосалқы мердігер (бар болған жағдайда) жауап беретін кемшіліктерді табу салдарынан Объект пайдаланыла алмаған барлық уақытқа тоқтатыла тұрады.

6.7. Кепілді мерзім ішінде кемшіліктер анықталған кезде Тапсырыс беруші Орындаушыны хабардар етеді. Тапсырыс беруші өкілінің және Бас мердігердің қатысуымен Орындаушы Тапсырыс берушіден хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде анықталған кемшіліктердің тиісті актісін жасауға міндетті. Актіде актінің жасалған күні мен орны; анықталған кемшіліктер мен оларды тудырған себептердің егжей-тегжейлі сипаттамасы; Тапсырыс берушінің/Орындаушының кемшіліктерді жою жөніндегі ескертулері мен талаптары; наразылықпен байланысты маңызы бар өзге де мән-жайлар; Бас мердігердің кемшіліктерді жою мерзімі көрсетілуі тиіс.

6.8. Егер анықталған кемшіліктер актісі Бас мердігер болмаған кезде жасалса, анықталған кемшіліктер актісі электрондық поштамен немесе тапсырыс хатпен жіберілуі мүмкін.

6.9. Егер Бас мердігерге анықталған кемшіліктер актісін жіберген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Бас мердігерден жауап түспеген немесе Бас мердігер осы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, анықталған кемшіліктерді растау үшін Орындаушы тәуелсіз біліктілік сараптамасын тағайындайды, ол кемшіліктерді тіркеу жөніндегі тиісті актіні және олардың сипатын жасайды. Тәуелсіз сараптаманың жұмыстарына/қызметтеріне ақы төлеуді Тапсырыс беруші кейіннен Бас мердігерге қайта тапсырумен жүргізеді.

6.10. Егер Орындаушы және (немесе) Бас мердігер келісілген мерзім ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарындағы кемшіліктерді жоймаса, онда Тапсырыс беруші Орындаушыны/Бас мердігерді жазбаша хабардар еткеннен кейін басқа мамандарды/мердігерлік ұйымдарды тарта отырып, кемшіліктерді жою үшін шаралар қабылдауға құқылы. Бұл ретте кемшіліктерді жоюға байланысты барлық шығыстар Тапсырыс беруші ұсынған құжаттар негізінде Орындаушы мен Бас мердігердің есебінен ортақ тәртіппен жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес өзіне алған міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда есептелген өсімпұлдардың (айыппұлдардың, тұрақсыздық айыбының) және келтірілген залалдардың барлық сомаларын Орындаушыдан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өндіріп алуға да құқылы.

**7. Тараптардың жауапкершілігі**

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта айтылған Қызметтерді көрсету мерзімін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің сомасынан 10%-дан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.2. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін жойылуға жататын кемшіліктер құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ сапасыз көрсетілген Қызметтер сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.3. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Шарттың 4.1.4-тармақшасында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 5% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тараптар көрсетілген Қызметтерді қабылдауды - тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.5. Шарттың 4.1.43-тармақшасында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тараптар көрсетілген Қызметтерді қабылдауды - тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.6. Мердігердің қызметкерлері (уәкілетті өкілдері) Тапсырыс берушінің аумағында белгіленген өткізу және объектішілік режимдер қағидаларын, сондай-ақ қауіпсіздікке қойылатын талаптарды (алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде болу) бұзған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге: алкоголь өнімін тасымалдағаны (алып келгені) үшін – әрбір тіркелген жағдай үшін 500 000 (бес жүз мың) теңге мөлшерінде өсімпұл төлейді; алкоголь өнімін пайдаланғаны не қызметкердің (уәкілетті өкілдің) Тапсырыс берушінің аумағында мас күйінде болғаны үшін – әрбір тіркелген жағдай үшін-1 000 000 (бір миллион) теңге. Айыппұл төлеу мердігерді бұзушыны дереу ауыстыру міндетінен босатпайды. Бұл ретте әрбір жағдайды бұзу фактісі Тараптар (Тараптардың уәкілетті өкілдері) қол қойған Актімен расталуға тиіс.»

7.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.4. Егер Орындаушы Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың 4.1.2-тармақшасында белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, онда Шарт өзінің қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші Орындаушыны таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

7.5. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.

7.6.2. Орындаушы ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтаруды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін [орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан] 0,1% мөлшерінде, бірақ [орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.

7.6.3. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.

7.6.4. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға * 0,1% мөлшерінде, бірақ * 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.8. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға нақты Қызметтер көрсету кезінде Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген авансты қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.11. Осы Шарттың талаптарында көзделмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

8.4. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тартудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде орындаушы Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне ақы талап етуге құқылы.

8.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер осы Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден осы Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын төлеуді, нақты жұмсалған және тиісті түрде Тапсырыс берушімен қабылданған Орындаушының қызметтерін, осы Шарттың талаптарына сәйкес өтеуді талап етуге құқылы.

## 9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

**10. Шарттың мерзімі**

10.1. Осы Шарт оған Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Объектті пайдалануға қабылдағанға дейін, ал өзара есеп айырысулар мен кепілдік міндеттемелер бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

**11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)**

